| **17** | **Көпірлердің металдан жасалған аралық құрылысын монтаждау** | **Монтаж металлических пролетных строений мостов** | тонна | тонна |
| **18** | **Көпірлердің темірбетоннан жасалған аралық құрылысын монтаждау** | **Монтаж железобетонных пролетных строений мостов** | қума метр | пог м |
| **19** | **Электр беру желілерінің болат тіреуіштерін орнату** | **Установка стальных опор линии электропередач** | тонна | тонна |
| **20** | **Электр беру желілерінің темірбетон тіреуіштерін орнату** | **Установка железобетонных опор линии электропередач** | м3 | м3 |
| **21** | **Кабель салу (тарту)** | **Прокладка (протяжка) кабеля** | км | км |
| **22** | **Сымдарды ілу** | **Подвеска провода** | км | км |
| **23** | **Гидротехникалық жұмыстар (жағалауды бекіту жұмыстарын, түбін тереңдету жұмыстарын, айлақ қабырғаларын және жағалауды жабдықтауды, гигант-массивтерді құрау мен орнатуды, суасты құрылысы, сүңгуір және өзге де жұмыстарды қоса алғанда)** | **Гидротехнические работы (включая берегоукрепительные работы, дноуглубительные работы, устройство причальных стенок и набережных, сборка и установка гигант-массивов, подводно-строительные, водолазные и прочие работы)** | м3 | м3 |
| **99** | **Ірілендірілген түрлер бойынша өзге де жіктелмеген жұмыстар** | **Работы, прочие не классифицированные по укрупненным видам** | мың теңге | тыс. тенге |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2017 жылғы 13 қарашадағы
№ 18 бұйрығына
18-қосымша

**"Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп" (коды 161112117, индексі 1-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп" (коды 161112117, индексі 1-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және " Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп" (коды 161112117, индексі 1-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар аталған статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) ғимаратты (имаратты, жабдықты, коммуникацияларды, тұрғын үй-коммуналдық мақсаттағы объектілерді) ағымдағы жөндеу – ғимараттың ( имараттың, жабдықтың, коммуникациялардың, тұрғын үй-коммуналдық мақсаттағы объектілердің) жарамдылығын немесе жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру, шектеулі номенклатураның құрамдас бөліктерін нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген көлемде ауыстыру немесе қалпына келтіру арқылы оның ресурстарын ішінара қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу;

2) ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу – ғимараттың (имараттың) жекелеген бөліктерін немесе тұтас конструкцияларды, бөлшектерді немесе инженерлік-техникалық жабдықты тозуына және бұзылуына байланысты қайта қалпына келтіру және ұзақ қызмет ететін және үнемді, олардың пайдалану көрсеткіштерін жақсартатындарға ауыстыру бойынша жұмыстар;

3) жасыл құрылыс – қоршаған ортаға әсері аз құрылыс түрі және ғимаратты пайдалануға беру;

4) құрылыс-монтаж жұмыстары – ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары;

5) қызметтің қосалқы түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімдерді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгіден басқа қызмет түрі;

6) қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

7) терможаңғырту – ғимараттардың, құрылыстардың және имараттардың жылу энергиясы ысырабының азаюына әкелетін, олардың жылу техникалық сипаттамасын жақсарту жөніндегі іс-шара;

8) экологиялық таза өнім – бұл экологиялық таза технологиялар мен жабдықтардың көмегімен өндірілген, құрамындағы зиянды заттар қоршаған ортаға және адамның денсаулығына залал келтірмейтін, қолайлы қоршаған ортаға тасымалданған және сақталған өнім;

9) энергия тиімділігі (энергетикалық тиімділік) – пайдалы әсердің, оның ішінде энергетикалық ресурстарды пайдаланудан алынған өндірілген өнім көлемінің осы әсерді алуға себепші болған тиісті ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар;

3. Орындалған құрылыс жұмыстарының (көрсетілген қызметтердің) көлемі мердігердің жасалған шарттар бойынша заңды тұлғалар орындаған көлемді көрсетеді. Қосалқы мердігерлік шарт жасалған жағдайда, қосалқы мердігерлік ұйым орындаған құрылыс жұмыстарының көлемін өзі көрсетеді, өз кезегінде бас мердігер көлемді қосалқы мердігерлік ұйым орындаған құрылыс жұмыстарының көлемін шегерумен көрсетеді, яғни мердігерлік ұйымдар өз күштерімен орындалған құрылыс жұмыстарының көлемін көрсетеді.

Статистикалық нысанды толтыру үшін негіздеме бастапқы есепке алу деректері, сонымен қатар тапсырыс беруші қол қойған орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау актісінің және орындалған құрылыс жұмыстарының және шығындар құны туралы анықтаманың көшірмелері болып табылады. Статистикалық нысанда орындалған құрылыс жұмыстар көлемдерін көрсеткен жағдайда, статистикалық нысанмен бірге орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау актісінің және орындалған құрылыс жұмыстарының және шығындар құны туралы анықтаманың көшірмелері ұсынылады.

Екі және одан да көп облыстар аумағында құрылысты жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері статистикалық нысанды әрбір аумақ бойынша ақпаратты бөліп көрсете отырып, жеке бланкілерде тапсырады, яғни деректер құрылыс жұмыстарының орындалған жері бойынша көрсетіледі.

4. Құрылыс жұмыстарының көлеміне құрылыс сметасында көзделмеген жұмыстар көлемі, сондай-ақ:

1) мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылаумен, ұңғымаларды өңдеумен (су ұңғымаларын бұрғылауды қоспағанда – Экономикалық қызмет түрлері жалпы

жіктеуішінің коды - 42.21), сынақ және барлау мақсатындағы бұрғылау бойынша қосалқы жұмыстар, мұнай және газ ұңғымаларын тұрғызу, ірге тасын цементтеу көлемі;

2) топырақ жерлердің құнарлылығын қалпына келтіру, көмір шахталары қызметінің зардаптарын жою (топырақ шөккеннен кейінгі ойпаттарды, көлдерді, сазды жою және басқалары) бойынша жұмыстардың көлемі қосылмайды.

Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі қосылған құн салығынсыз және акцизсіз көрсетіледі.

5. 2-бөлімнің 1.1-1.3-жолдары бойынша тұрғын, тұрғын емес ғимараттарда және имараттарда орындалған құрылыс жұмыстарының (көрсетілген қызметтердің) көлемі көрсетіледі.

6. 2-бөлімнің 6-бағанында мемлекеттік бағдарламаларды (Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы, "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы", " Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы" және басқалары) іске асыру шеңберінде орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі көрсетіледі.

7. "Жасыл" құрылыс 2-бөлімінің 2-жолында энергетикалық тиімділік және энергия үнемдеудің (жаңа объектілер салу кезінде жаңа технологиялар қолдану, қолданыстағы ғимараттарды қайта жаңарту кезінде терможаңғырту және экологиялық таза құрылыс материалдарын қолдану) құрылыс стандарттарына сәйкес орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі көрсетіледі.

8. 2-бөлімнің 3-жолында мұнай-газ секторында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі көрсетіледі.

"Магистральдық құбыржолдарды жүргізу бойынша құрылыс жұмыстары" 3.1 -жолында магистральдық мұнай және газ құбыржолдарын жүргізу бойынша орындалған құрылыс жұмыстардың көлемі көрсетіледі.

"Қосалқы жұмыстарды қоса алғанда жергілікті құбыржолдарды жүргізу бойынша құрылыс жұмыстары" 3.2-жолында жергілікті мұнай және газ құбыржолдарын жүргізу бойынша қосалқы қызметтерді қоса алғанда орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі көрсетіледі.

"Өзге де құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер)" 3.3-жолында мұнай және газ үшін магистральдық және жергілікті құбыржолдарды салу бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының көлемінен бөлек мұнай-газ секторымен байланысты басқа да құрылыс объектілері бойынша құрылыс жұмыстарының орындалған көлемі көрсетіледі. Мысалы: мұнайды қайта өңдейтін зауыт құрылысы.

9. 3-бөлімінің А-бағанында түрлері бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес "Құрылыс" саласының 41-43-кодтарына сәйкес толтырылады.

3-бөлімнің 2-18-бағандары салынып жатқан ғимараттар мен имараттардың түрлері көрсетіледі:

өнеркәсіп ғимараттары – технологиялық, энергетикалық және басқа да жабдықтарды орналастыруға және технологиялық процесті және дайын өнімді шығаруды іске асыру үшін жағдай жасауға арналған өндірістік ғимараттар;

өнеркәсіп имараттары – өндірістік процесте белгілі бір функцияларды орындайтын немесе технологиялық жабдықтан, коммуникациядан және өзге де құралдардан жүктемені қабылдауға арналған имараттар;

сауда кәсіпорындарының ғимараттары – тауарларды сатып алу-сатуды, сатып алушыларға олардың жеке, отбасылық және үйде пайдалануы үшін жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бөлшек немесе көтерме саудаға арналған ғимараттар;

мәдени-ойын-сауық мақсатындағы ғимараттар – бұл халыққа әртүрлі әлеуметтік-мәдени, ағартушылық, денсаулық сақтау, ойын-сауық сипатындағы, демалыс және бос уақытты ұйымдастыру, әуесқой көркемөнер шығармашылығын дамытуға жағдай жасау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ғимараттар;

оқу орындарының ғимараттары – бастауыш, орта немесе жоғары білім беру жүйесіне (балабақшалар, мектептер, жоғарғы оқу орындарының ғимараттары және тағы басқалар) кіретін әртүрлі педагогикалық процестерге арналған ғимараттар;

медициналық ұйымдардың ғимараттарына денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыруға немесе медициналық қызметтерді көрсетуге арналған ғимараттар (ауруханалар, емханалар, санаторийлер, халықаралық медициналық ұйымдар) жатады;

офистік ғимараттарға мемлекеттік мекемелердің әкімшілік ғимараттары, заңды және қоғамдық ұйымдардың офистік ғимараттары, бизнес орталықтар және тағы басқалар жатады;

беріліс құрылғыларына олардың көмегімен көмегімен электр, жылу және механикалық энергия беру, сондай-ақ сұйық және газ тәріздес заттарды беру ( тасымалдау) жүргізілетін құрылғылар жатады. Мұндай құрылғыларға: магистральдық мұнай және газ құбыржолдары, су құбыржолдары, электр желілері, жылу желілері, газ желілері, байланыс желілері және т.б. жатады;

спорт және демалыс орындары имараттарына – ашық немесе қоршалған алаңдар, спорттық мүкәммалдармен арнайы жабдықталған және спорттық ойындар өткізуге және спортпен айналысуға арналған имараттар (ашық спорт

алаңдары, ашық бассейндер, жаздық спорт алаңдары, балаларға арналған спорт ойындары алаңдары, ашық стадиондар, тау шаңғысы имараттары) жатады;

ауылшаруашылық ғимараттарына ауылшаруашылық өндірісінің салаларына қызмет көрсетуге арналған ғимараттар (мал шаруашылығы кешендері, құс фабрикалары, көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған қоймалар, мал ұстауға арналған қоралар) жатады.

10. 4-бөлімде ірілендірілген құрылыс жұмыстарының түрлері бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі "Құрылыс жұмыстарының ірілендірілген түрлерінің анықтамалығына" (статистикалық нысанның қосымшасына сәйкес) сәйкес, соның ішінде ғимараттар және имараттар түрлері бойынша көрсетіледі.

11. 5-бөлімде Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес қосалқы қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім және көрсетілген қызмет көлемі көрсетіледі. 5-бөлім қосалқы қызмет түрі бар болған жағдайда тек құрылыс ұйымдары толтырады. Мысалы: көрсетілетін қызметтер, сауда, өнеркәсіп және басқалары.

12. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынуға құқылы.

13. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

14. Ескертпе: Х – аталған позиция толтыруға жатпайды.

15. Арифметика-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-баған = 2+4+5-бағандардың

$\sum$

әрбір жол үшін;

1-жол = 1.1-1.3-жолдардың

$\sum$

әрбір баған үшін;

1-баған ≥ 6-бағаннан әрбір жол үшін;

1-баған ≥ 2-5-бағаннан әрбір жол үшін;

2-баған ≥ 3-бағаннан әрбір жол үшін;

3-жол = 3.1-3.3-жолдардың

∑

әрбір баған үшін;

3-жол ≥ 3.1-3.3-жолдарынан әрбір баған үшін:

2) 3-бөлім:

1-баған = 2-18-бағандар

∑

;

3) 4-бөлім:

2-баған (барлығы) = 4,6,8,10,12,14,16,18,20,22,24,26,28,30,32,34,36-бағандар

∑

;

4) Бөлімдер арасындағы бақылау:

2-бөлімнің 1-жолы, 1-бағаны (барлығы) = 3-бөлімдегі 1-баған (барлығы) жолына;

2-бөлімнің 1-жолы, 1-бағаны (барлығы) = 4-бөлімдегі 2-баған (барлығы) жолына.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының 2017 жылғы
13 карашадағы № 168
бұйрығына 19-қосымша

Ескерту. 19-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 9 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізілед) бұйрығымен.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Приложение 1 к приказу Председател
национальной экономики Республики

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны

Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт,
Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах

| Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz | 1 сағатқа дейін<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 |
|---|---|---|---|---|---|

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапк мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көз, б о л ы п
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие о установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 административных правонарушениях"

Статистикалық нысан коды 162106008
Код статистической формы 162106008

F-001

Хабарламалар және рұқсат алу құжаттары бойынша құрылыс-монт туралы сауалнама

Анкета о начале производства строительно-монтажных работ п документам

Ж а р т ы ж ы л д ы қ
Полугодовая

Есепті кезең
Отчетный период ☐ жартыжылдық полугодие ☐☐☐☐

Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары, сәулет және к
Представляют органы государственного архитектурно-строительного контроля, органы архитектуры и градост органов

Ұсыну мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне
Срок предоставления - до 10 числа (включительно) после отчетного периода

Б С Н к о д ы
Код БИН ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

1. Ж а л п ы м ә л і м е т т е р д і
Укажите общие сведения

1.1 Құрылыс салушы туралы мәліметтер, тиісті ұяшыққа
Сведения о застройщике, поставьте отметку "√" в
1.1.1 заңды тұлға 1.1.2 жеке тұлға юридическое лицо

☐

физическое лицо

☐

1.2 Заңды тұлға үшін құрылыс салушының атауы немесе ж
Наименование застройщика для юридического лица или фамилию для физического лица

☐

1.2.1 Заңды тұлғаның - құрылыс салушының БСН коды немесе же
Код БИН юридического лица - застройщика или ИИН физического лица

☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

1.2.2 Субьектілер реестріне сәйкес құрылыс-жөндеу жұмысытарының өндірісін бастау туралы хабарландыру берг нөмірді көрсетіңіз .

☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

Укажите номер, согласно реестра субъектов, подавших уведомление о начале производства строительно-монт
ю р и д и ч е с к и х

1.2.3 Құрылыс салушы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы бірнеше рұқсат алу құжаттары
нөмірін көрсетіңіз (жеке тұлғалар үшін толтырылады

| |
|---|
| |

В случае если застройщиком направлено несколько разрешительных документов о начале производства ст
порядковый номер объекта (заполняется только для физических лиц)

1.3 Объект түрінің атауы1
Наименование вида объекта1

| |
|---|
| |

1.4 Объектінің орналасқан жері (облыс, қала, аудан, ауылдык
Местонахождение объекта (область, город, район,сельский округ, населенный пункт)

1.5 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақтың коды (статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште
қ ы з м е т к е р і
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работ
статистической формы на бумажном носителе)

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

Е с к е р т п е :
П р и м е ч а н и е :

[1] Мұнда және бұдан әрі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интер
Респонденттерге >> Статистикалық нысандар >> Жартыжылдық нысандар >> F-001 сілтемесі бойынша орналасқ
т і з б е с і н е " с ә й к е с

[1] Здесь и далее заполняется согласно "Перечню видов объектов и мощностей", размещенному на интернет-ресурс
национальной экономики Республики Казахстан по ссылке "www.stat.gov.kz" >> Для респондентов >> Статистичес
- 0 0 1

1.6 Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

рұқсат алу құжатының тіркелген күні (күн
Дата регистрации разрешительного документа о начале строительно-монтажных работ (число, месяц, год)

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

1.7 Құрылыстың басталған күні (күні,
Дата начала строительства (число, месяц, год)

| | |
|---|---|
| | |

1.8 Жоба бойынша құрылыстың
Продолжительность строительства по пр

1.9 "Объектілер және қуаттар түрлерінің тізбесіне" сәйкес объект түрінің коды (статистикалық нысанды қағаз ж
органының қызметкері толтырады)

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

Код вида объекта согласно "Перечню видов объектов и мощностей" (заполняется работником органа статистик
б у м а ж н о м

2. Құрылысты қаржыландырудың басым көзін көрсетіңіз, тиісті ұяшық
Укажите преобладающий источник финансирования строительства, поставьте отметку "√" в соответствующей ячей

2.1 Республикалық бюджет Республиканский бюджет

☐

2.2 Жергілікті бюджет Местный бюджет

☐

2.3 Меншікті қаражат Собственные средства

☐

2.4 Банк кредиттері Кредиты банков

☐

2.4.1 шетелдік банктердің кредиттері кредиты иностранных банков

☐

2.5 Басқа да қарыз қаражаттары Другие заемные средства

☐

2.5.1 резидент еместердің басқа да қарыз қаражаттары

☐

другие заемные средства нерезидентов

3. Құрылыстың басым сипатын көрсетіңіз, тиісті ұяшыққа
Укажите преобладающий характер строительства, поставьте отметку "√" в соответствующей ячейке

3.1 Жаңа құрылыс Новое строительство

☐

3.2 Қайта жаңғырту Реконструкция

☐

3.3 Кеңейту Расширение

☐

3.4 Техникалық қайта жарақтандыру Техническое перевооружение

☐

4. Жаңа ғимарат салынып жатқан жағдайда "√" белгісін көрсетіңіз
Укажите отметку "√", если сооружается новое здание

☐

☐

5. Қолданыстағы ғимаратқа жапсаржай салынып жатқан жағдайда "√" белгісін көрсетіңіз

Укажите отметку "√", если сооружается пристройка к существующему зданию

6. Шаршы метрдің жалпы көлемін көрсетініз, жаңа тұрғын немесе тұрғын емес ғимараттарды кезінде, жапсаржай, сондай-ақ қайта жаңғырту жағдайында, егер объектінің арналымы ауысса.

Укажите общую площадь, квадратных метров, при сооружении нового жилого или нежилого здания, пристройки, а также в случае реконструкции, если меняется назначение объекта.

7. Жаңа тұрғын ғимарат салынған жағдайда, қолданыстағы ғимараттарды кеңейту, сондай-ақ тұрғын емес ғимараттан тұрғын ғимаратқа қайта жаңғыртқан жағдайда пәтерлердің жалпы алаңын көрсетіңіз, шаршы метр

При сооружении нового жилого здания, расширении уже существующих зданий, а также в случае реконструкции из нежилого в жилое, укажите общую площадь квартир, кв. метров

8. Қолданыстағы ғимаратта құрылыс іс-шаралары жүргізілген кезде бүкіл объектінің түрі қалай өзгеретінін "√" белгісімен көрсетіңіз

При строительных мероприятиях на существующем здании укажите отметку "√", как изменяется вид всего здания

8.1 Тұрғын ғимаратты тұрғын емес ғимаратқа өзгерту

☐

Из жилого в нежилое

8.2 Тұрғын емес ғимараттан тұрғын ғимаратқа өзгерту

☐

Из нежилого в жилое

8.3 Тұрғын емес ғимараттардағы өзгерістер Изменения в нежилых

☐

8.4 Өзгермейді Не меняется

☐

Атауы Мекенжайы

Наименование_________________________________ Адрес________________
_______________

_______________________________________________ ______________________
______________

Телефоны

Телефон _______________________________________

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) __________________________________
_______________

Алғашқы статистикалық деректерді Алғашқы статистикалық деректерді

таратуға келіспейміз[2]

☐

таратуға келісеміз[2]

☐

Согласны на распространение Не согласны на распространение

первичных статистических данных[2] первичных статистических данных[2]

Орындаушы

Исполнитель ____________________________________________ ____________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер ________________________________________ _________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности __________________________________ ___________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

[2] Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

[2] Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 19 марта 2010 года "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2017 жылғы 13 қарашадағы
№ 168 бұйрығына
20-қосымша

**"Хабарламалар және рұқсат алу құжаттары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы сауалнама" (коды 162106008,**

**индексі F-001, кезеңділігі жартыжылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 20-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 9 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізілед) бұйрығымен.

1. Осы "Хабарламалар және рұқсат алу құжаттары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы сауалнама" (коды 162106008, индексі F-001, кезеңділігі жартыжылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және " Хабарламалар және рұқсат алу құжаттары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы сауалнама" (коды 162106008, индексі F-001, кезеңділігі жартыжылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі - статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар аталған статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) банктердің кредиттері - бұл қарыз алушының қаржы қаражатына қажеттілігін қанағаттандыру үшін, белгілі мақсатқа банк беретін ақшалай қаражаттар;

2) басқа қарыз қаражаттары - шаруашылық жүргізуші субъектіге тиесілі емес, бірақ оның иелігінде уақытша болатын және оның меншікті қаражатымен бірдей пайдаланылатын ақша қаражаттары, оларға (банк кредиттерінен басқа) басқа ұйымдардың қарыздары, заңды және жеке тұлғалардың - кәсіпорын құрылтайшыларының қарыздары, отандық және шетелдік банктік емес мекемелер (микрокредиттік ұйымдар), резидент емес заңды және жеке тұлғалар беретін қарыздар және гранттар жатады;

3) жаңа құрылыс - жаңадан салынатын кәсіпорындардың, ғимараттар мен имараттар сондай-ақ филиалдар мен жекелеген өндірістердің негізгі, қосалқы және қызмет көрсететін объектілерінің кешенін салу, олар пайдалануға берілгеннен кейін дербес балансқа болады;

4) жапсаржай - өндірістік ғимараттар мен үй-жайлардан өртке қарсы кедергілермен бөлініп тұратын, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларды орналастыруға арналған ғимарат бөлігі;

5) жергілікті бюджет қаражаты - жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу қаражаттарын қоса өтеулі және өтеусіз негізде жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат;

6) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру - жекелеген өндірістердің, цехтар мен учаскелердің техникалық-экономикалық деңгейіне озық техника мен технологияны енгізу және өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру, ескірген және тозған жабдықтарды жаңа, едәуір өнімді жабдықпен айырбастау негізінде арттыру бойынша, сондай-ақ жалпы зауыттық шаруашылық пен қосалқы қызметтерді жетілдіру бойынша іс-шаралар кешені;

7) кеңейту - қосымша немесе жаңа өндірістік қуаттылықты жасау мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың аумағында немесе оларға жанаса орналасқан алаңдарда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың (имараттардың) жанында қосымша өндірістер салу, сондай-ақ негізгі, қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы жаңа цехтар мен объектілерді салу және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту;

8) қайта жаңғырту - ғимараттың, имараттың жұмысын жақсарту үшін оны қайта құру немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда (станцияларда) өндіріс көлемін арттыруды қарастыратын іс-шаралар кешені;

9) құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы хабарлама - құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы ақпарат беретін құжат;

10) құрылыс объектісі - құрылысына (қайта жаңартылуына немесе кеңейтілуіне) дербес объектілік смета құрастырылатын оған тиесілі барлық жабдықтары, мүкәммалдары, құралдары, галереялары, эстакадалары, ішкі инженерлік желілері және коммуникациялары бар жеке ғимарат немесе имарат;

11) меншікті қаражаттар - кәсіпорындардың, ұйымдардың, халықтың меншік қаражаттары;

12) пәтердің жалпы ауданы - пәтердің лоджиялар, балкондар, дәліздер, қолайлы ашық алаңдары ескерілген тұрғын және қосалқы үй-жайлардың жиынтық ауданы;

13) резидент еместердің қарыз қаражаттары - шетелдік заңды және жеке тұлғалардың, банктік емес мекемелердің қарыздары есебінен жүзеге асырылатын инвестициялар;

14) республикалық бюджет қаражаттары - үкіметтің сыртқы қарыздарын қоса өтеулі және өтеусіз негізде республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат;

15) рұқсат беру құжаттары - өтініш берушіге ғимараттардың үй-жайларын ( жекелеген бөліктерін) салу немесе қолданыстағыларын өзгерту жөнінде өзінің ойын іске асыруға құқық беретін құжаттар, олар мыналарды қамтиды:

жерге тиісті құқық беру туралы жергілікті атқарушы органның шешімі;

қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларына (жекелеген бөліктеріне) қайта жаңғырту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау жүргізуге арналған жергілікті атқарушы органның шешімі;

16) тұрғын ғимараттар - негізінен тұрғын үй-жайлардан, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлар мен ортақ мүлік болып табылатын өзге де бөліктерден тұратын құрылыс;

17) тұрғын емес ғимараттар - адамдардың тұрақты тұруынан басқа өзге мақсаттарда пайдаланылатын ғимараттар (әкімшілік ғимараттар, банк ғимараттары, театрлар, спорт кешендері, мейрамханалар, барлар, асханалар, ауруханалар, емханалар, санаторийлер, мектептер, балабақшалар, зауыт цехтары, наубайханалар, баспаханалар, шаштараздар, шіркеулер, мешіттер, моншалар, автогараждар және басқалар);

18) тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы - сыртқы қабырғалардың ішкі жақтары шегінде өлшенген ғимараттар қабаттары алаңының қосындысы ретінде анықталады;

19) шетелдік банктер - Қазақстан Республикасының шегінен тыс құрылған және тіркелген мемлекетінің заңнамасы бойынша банктік операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар банктер және өзге де қаржы институттары.

3. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы хабарламалар мен басқа да рұқсат беру құжаттары (жерге тиісті құқық беру туралы жергілікті атқарушы органның шешімі, эскиздік жоба) статистикалық нысанды толтыру үшін негіз болып табылады.

Әрбір объектіге жеке статистикалық нысан толтырылады.

4. Тұрғын ғимараттарға жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлер, әлеуметтік топтарға арналған мамандандырылған үйлер немесе тұрғын үйлер (жатақханалар , жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлері, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары ) жатады.

Қабат алаңына балкондар, лоджиялар, террассалар мен дәліздер, баспалдақтар мен осы қабат деңгейіндегі олардың аудандарын ескере отырып баспалдақтардың алаңдары қосылады. Қабат алаңына лифтілік және басқа шахталарға арналған ойық жерлердің алаңы кірмейді.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

6. 1-бөлімнің 1.2.2-тармағында субъектілер реестріне сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарының өндірісін бастау туралы хабарландыру берген (заңды тұлғалар үшін толтырылады) нөмірді көрсету қажет.

6.1 1-бөлімнің 1.2.3-тармағында егер бір құрылыс салушы бірнеше хабарлама жіберген жағдайда объектінің реттік нөмірі толтырылады, көрсетілген тармақ жеке тұлғалар үшін толтырылады.

7. Қолданыстағы объектіде құрылыс іс-шараларын жүргізу кезінде объектінің функционалдық мақсаты өзгермеген жағдайда ғана 8.4-тармақ толтырылады. Мысалы, жатақхананы қайта жаңғыртқан кезде немесе балабақшаны кеңейткен кезде.

8. Арифметикалық-логикалық бақылау:

2-бөлімнің 2.4.1-тармағы 2.4-тармақ толтырылған жағдайда толтырылады;

2-бөлімнің 2.5.1-тармағы 2.5-тармақ толтырылған жағдайда толтырылады;

3, 8-бөлімдерде жауап берген кезде бір ұяшық көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының 2017 жылғы
13 қарашадағы № 168
бұйрығына
21-қосымша

Ескерту. 21-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 9 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізілед) бұйрығымен.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Приложение 3 к приказу Председателя
национальной экономики Республики К

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

| Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақы<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часа | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 |

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастап мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында кө болып

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие с
установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497
административных правонарушениях".

Статистикалық нысан коды 162112009
Код статистической формы

1 6 2 1 1 2 0 0 9
F-004

Хабарлама бойынша құрылыстың барысы және объектіні пайдалануға бер

Анкета о ходе строительства и вводе в эксплуатацию объекта по уведомле

Ж ы л д ы қ
Годовая

Есепті кезең
Отчетный период

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

ж ы л
год

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы хабарламаларды мемлекеттік сәулет-құрылыс бақ
органдарға және сәулет және қала құрылысы органдарына ұсынған заңды тұлғалар және (немесе) олардың құры
ұ с ы н а д ы
Представляют юридические лица, и (или) их структурные и обособленные подразделения, представивши
государственного архитектурно-строительного контроля и органы архитектуры и градостроительства у
строительно-монтажных работ

Ұсыну мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 15 наурызға
Срок представления - до 15 марта (включительно) после отчетного периода

Б С Н коды
Код БИН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

1. Жалпы мәліметтерді көрсетіңіз

Укажите общие сведения

1.1 Объект түрінің атауы1

Наименование вида объекта1

1.2 Объектінің орналасқан жері (облыс, қала, аудан, селолык округ, елді мекен)

Местонахождение объекта (область, город, район, сельский округ, населенный пункт)

1.3 Субьектілер реестріне сәйкес құрылыс-жөндеу жұмысытарының өндірісін бастау туралы хабарландыру берген (заңды тұлғалар үшін толтырылады) нөмірді көрсетіңіз

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | |

Укажите номер, согласно реестра субъектов, подавших уведомление о начале производства строительно-монтажных работ (заполняется только для юридических лиц)

1.4 "Объектілер және қуаттар түрлерінің тізбесіне" сәйкес объект түрінің коды (статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсыру кезінде статистика органының қызметкері толтырады)

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

Код вида объекта согласно "Перечню видов объектов и мощностей" ( заполняется работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

1.5 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақтың коды ( статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсыру кезінде статистика органының қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно - территориальных объектов (заполняется работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

2. Объект пайдалануға берілді ме?

Объект введен в эксплуатацию?

2.1. иә 2.3-тармақ 2.2 жоқ 2.4-тармақ және әрі қарай да

☐ →

пункт 2.3 нет

☐ →

пункт 2.4 и далее

2.3 Объектінің пайдалануға берілген күнін көрсетіңіз Укажите дату ввода объекта в эксплуатацию

☐☐ ☐☐ ☐☐☐☐

Күні, айы, жылы Число, месяц, год

2.4 Объектінің пайдалануға берілмеу себебін көрсетіңіз, тиісті ұяшыққа "√" белгісін қойыңыз.

Укажите причину почему объект не введен эксплуатацию, поставьте отметку "√" в соответствующей ячейке.

2.4.1 Құрылыс әлі басталған жоқ Строительство не начато

☐

2.4.2 Құрылыс басталды Строительство начато

☐

2.4.3 Құрылыс уақытша тоқтатылған Строительство временно приостановлено

☐

2.4.4 Құрылыс тоқтатылып қойылған Строительство законсервировано

☐

2.4.5 Аяқталмаған құрылыс объектісі сатылған Объект незавершенного строительства продан

☐

2.4.6 Күші жойылған құрылыс Строительство отменено

☐

Ескертпе:

Примечание:

[1] Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсындағы "www.stat.gov.kz" >> Респонденттерге >> Статистикалық нысандар >> Жылдық нысандар >> F-004" сілтемесі бойынша орналасқан "Объектілер және қуаттар түрлерінің тізбесіне" сәйкес толтырылады

[1] Заполняется согласно "Перечню видов объектов и мощностей", размещенного на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан по ссылке "www.stat.gov.kz" >> Для респондентов >> Статистические формы >> Годовые формы >> F-004"

Атауы Мекенжайы

Наименование________________________________ Адрес________________
______________

_____________________________________________ _____________________
_____________

Телефоны

Телефон _____________________________________

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _______________________________
______________

Алғашқы статистикалық деректерді Алғашқы статистикалық деректерді

таратуға келіспейміз[2]

☐

таратуға келісеміз[2]

☐

Согласны на распространение Не согласны на распространение

первичных статистических данных[2] первичных статистических данных[2]

Орындаушы

Исполнитель ____________________________________________ ____________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер ________________________________________ ___________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности __________________________________ ________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

[2] Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

[2] Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 19 марта 2010 года "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2017 жылғы 13 қарашадағы

№ 168 бұйрығына
22-қосымша

# "Хабарлама бойынша құрылыстың барысы және объектіні пайдалануға беру туралы сауалнама" (коды 162112009, индексі F-004, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 22-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 9 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізілед) бұйрығымен.

1. Осы "Хабарлама бойынша құрылыстың барысы және объектіні пайдалануға беру туралы сауалнама" (коды 162112009, индексі F-004, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Хабарлама бойынша құрылыстың барысы және объектіні пайдалануға беру туралы сауалнама" (бұдан әрі - статистикалық нысан) (коды 162112009, индексі F-004, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар аталған статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы хабарлама - құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы ақпарат беретін құжат;

2) құрылыс объектісі - құрылысына (қайта құрылуына, кеңейтілуіне) дербес объектілік смета құрастырылатын оған тиесілі барлық жабдықтары, мүкәммалдармен, құралдары, галереялары, эстакадалары, ішкі инженерлік жүйелері және коммуникациялары бар жеке үй немесе ғимарат;

3) салынып жатқан объектілерді консервациялау - құрылысы аяқталмаған объект конструкцияларының, материалдары мен жабдықтарының оны салудың уақытша тоқтатылуы кезеңінде сақталуы мен сапалық сипаттамаларын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені.

3. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы ұсынылған хабарламалар статистикалық нысанды толтыру үшін негіздеме болып табылады.

Әрбір объектіге жеке статистикалық нысан толтырылады.

3.1 1.3 тармағында субъектілер реестріне сәйкес құрылыс-жөндеу жұмысытарының өндірісін бастау туралы хабарландыру берген (заңды тұлғалар үшін толтырылады) нөмірді көрсету қажет.

4. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК